



# Түркістан облысының жер асты сулары жақын орналасқан, құнарлылығы төмен топырақ жағдайындағы тасымалдауға төзімді қауын мен қарбыз сорттары.



«Мақта және бақша ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС  
Басқарма Төрағасы \_\_\_\_\_ Н. Дәуренбек

қолы, мөрі

Эксперт \_\_\_\_\_ О. Қостак

қолы

28.09.2023 ж.

«Мақта және  
бақша  
АШТС» ЖШС

**Мақсаты-** сапасы жағынан құнды жаңа жоғарғы өнімді қауын мен қарбыз сорттары.

Қарбыз және қауынның өнімділігі жоғары, ауруларға төзімді, сапасы жоғары Қазақстанның Оңтүстігінің орташа сортаңданған сұр топырақты суармалы аймағында жоғары өнім беретін сорттарын іріктеу және енгізу болып табылады.

### **Тапсырмалар:**

1. кейіннен өндіріске енгізу үшін бақша дақылдарын селекциялық-тұқым өсіру процесіне іріктеу және енгізу.
2. зерттелген қауын және қарбыз сұрыптарының даму кезеңдерін зерттеу.
3. Шетелдік сорттарды өсірудің экономикалық тиімділігін бағалау.
4. саңырауқұлақ, бактериялық және вирустық ауруларға төзімділікті зерттеу.

### **Фермерлер үшін тәжірибелік маңызы:**

Қауын мен қарбыздың өнімділігі жоғары, бірқатар ауруларға төзімді жаңа сорттарын өндіріске ендіру қосымша 70 ц/га өнім алған жағдайда ауылшаруашылығы өндірушілеріне, қауын мен қарбыз өнімінің 1 кг 30 тг болған жағдайда, 210000 тг/га қосымша табыс алып келеді. Түркістан облысы бойынша 63 мың га алқапта өсірілгенде пайда 13,23 млрд. теңгені құрайды.

Бақша дақылдары- асқабақ тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдіктер



*қауын*



*қарбыз*



*асқабақ*

Қауын (*Cucumis melo*)- жабайы түрде Оңтүстік-Батыс Азия мен Африкада өседі. Бұдан 2 мың жыл бұрын қауынды Кіші және Орта Азия жерінде мәдени дақыл ретінде өсіре бастаған. Жапырағы ірі, кезектесіп орналасқан, жіңішке сабағы буындарға тарамданып жер бетіне төселіп өседі.

Қазақстанда Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облысы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Алматы облыстарында көбірек өсіріледі.

Қарбыз (Citrullus) асқабақ тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық өсімдік. Ең көп тараған бақша дақылдарының бірі. Дүниежүзінде 500-ден аса асханалық Қарбыз сорттары өсіріледі. Жабайы түрі Африкада, Иранда, Орта Азияда, Ауғанстанда кездеседі. Қазақстанда Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облысы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Алматы облыстарында көбірек өсіріледі.

- Бақша дақылдарының өндірісін және өнімділігін арттыру, сапалы өнімді пайдалану мерзімін ұзарту, өндірістің талабына сай жоғары өнімділікке ие сорттарды пайдалану.
- Қазіргі таңда әлем елдерін бақша, көкөніс тұқымдарымен қамтамасыз етіп отырған бірден бір ел – Голландия. Біздегі будандардың көпшілігі шетелдің өнімдері. Будандардың ерекшелігі ерте піседі, сонымен қатар өнімділігі де жоғары болып келеді.
- Осыған байланысты Мақта және бақша АШТС ғалымдары қауын мен қарбыздың өнімділігі жоғары, ауруларға төзімді, сапасы жағынан құнды, Түркістан облысының жер асты сулары жақын орналасқан, құнарлылығы төмен топырақ жағдайына төзімді жоғары өнім беретін селекциялық сорттарын іріктеу және енгізу бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келуде.



- Бақша дақылдарының тұқымын топрақтың температурасы 14-16 °C болғанда себу қажет. Топрақ қызбай себілген тұқым шіріп кетеді немесе ауруға ұшырайды. Тұқымның өнуі үшін оңтайлы температураны шамамен 25 °C деп санауға болады, тәуліктік ауытқуы 15-тен 32 °C -қа дейін. мұндай температурада қауын өскіндері себілгеннен кейін 5-6-шы күні пайда болады. Бақша дақылдарының өсуі мен дамуы үшін ең қолайлы температура 25-30°C.

- Температураның 12-15 °C дейін төмендеуі гүлдердің түсуіне, өсудің тоқтап қалуына және өсімдіктердің біртіндеп өлуіне әкеледі. Гүлдену және ұрықтандыру үшін ең жақсы температура түні 18-20 °C және күндіз 20-25 °C кұрайды. Қауынның гүлденуі мен жеміс беруі үшін ең қолайлы жағдайлар орташа тәуліктік температурада (жеміс беру кезеңінде) 25-26°C және 35-36°C жоғары емес температурада жемістер жақсы дамиды.

- Ауыспалы егісті барлық бақша дақылдары алқабында міндетті түрде ендіру, суармалы жоңышқа сорттарын ендіру
- Ағын су, тыңайтқыш, гербицид, жанар май және сапалы тұқыммен қамтамасыз етуге ықпал жасау
- Бақша шаруашылығында ғылыми жетістіктерді, инновациялық жаңалықтарды ендіру
- Қор және су үнемдеу жаңа инновациялық технологияларын пайдалану
- Тұқым шаруашылығын қолдау және технология бойынша жұмыс істеуін бақылап, сапалы тұқымның артуын талап ету
- Инфрақұрылымды қолдау: жолдар, құрылыс салу, жерді тұзсыздандыру, ирригация жұмыстарын дамыту
- Бақша дақылдарын өндіруші фермерлердің білімін көтеру

**ЖЕР ЖЫРТУ ЖӘНЕ ЕГІС АЛДЫ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫЗ БОЛУЫ ЖӘНЕ ДЕР КЕЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛМЕУІ**



**ЖЕРДІҢ КҮРДЕЛІ ТЕГІСТЕЛМЕУІ**



**АЗОТ ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫН ЕНГІЗУ ТАЛАП ЕТІЛГЕН МӨЛШЕРІНЕН 50% –НАН АРТПАУЫ, АЛ ФОСФОР ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫНЫҢ МҮЛДЕМ БЕРІЛМЕУІ**



## Ашық топыраққа егу



## Кленкалы әдіспен егу



<b>Айырмашылығы</b>	<b>Ашық топыраққа егу</b>	<b>Кленкалы әдіспен егу</b>
<b>Егу уақыты</b>	20.04-30.04	10.03-20.03
<b>Кететін шығын (тг/га)</b>	200000	420000
<b>Пісіп жетілу мерзімі(күн)</b>	80-90	70-80
<b>Алатын өнім (т/га)</b>	25-30	20-25

**Ашық топыраққа егу**



**Кленкалы әдіспен егу**



<b>Айырмашылығы</b>	<b>Ашық топыраққа егу</b>	<b>Кленкалы әдіспен егу</b>
<b>Егу уақыты</b>	<b>15.04-25.04</b>	<b>05.03-15.03</b>
<b>Кететін шығын (тг/га)</b>	<b>200000</b>	<b>380000</b>
<b>Пісіп жетілу мерзімі(күн)</b>	<b>75-80</b>	<b>65-70</b>
<b>Алатын өнім (т/га)</b>	<b>30-35</b>	<b>25-30</b>

**Көшеттік әдіс технологиясының негізгі  
артықшылықтары**

- тікелей егіспен салыстырғанда өнім 1-2 аптаға ерте алынады;
- қымбат тұқымдармен жұмыс істеу кезінде аса маңызды болып табылатын тұқымдарды тиімді пайдалану;
- көшет отырғызудың бірдей тереңдігі өсімдіктің біркелкі дамуына және пісіп жетілуіне ықпал етеді;
- бұл бақша дақылдарын тұқымсыз көшет арқылы өсірудің жалғыз экономикалық жағынан тиімді мүмкіндігі.

**Көшеттік әдіс технологиясының негізгі  
кемшіліктері**

- жоғары шығындар;
- ауа-райының қолайсыздығына байланысты көшетті отырғызбай ұзақ мерзімге кешіктіру мүмкіндігінің болмауы;
- тасымалдау және қайта отырғызу кезеңінде нәзік өскіндер тез сынады;
- көшеттің тамыр жүйесі тікелей егілген егістегі өсімдікке қарағанда әлсіз, сондықтан суаруды талап етеді.

## САПАЛЫ КӨШЕТ АЛУ ҮШІН МЫНА ЖАҒДАЙЛАР ЕСКЕРІЛУІ ҚАЖЕТ:

- Көшет субстратының арамшөптерден, зиянкестерден және аурулардан таза болуы;
- Қолайлы дұрыс температура мен ылғалдылықты бақылап отыру;
- Қарқынды және сапалы жарықтандыруды қамтамасыз ету;
- Көшеттерді ашық топыраққа отырғызудан алдын температуралық және сулық шыңдау жүргізу.

## Қауын , қарбызды пленкамен егуге кететін шығын (1гектар)

- Пленкалар 200 кг / га - *180000 тг.*
- Болат доғалар 2500 дана / га – *150 000 тг.*
- Пленканы жабуға арналған шығыстар-*100 000 тг.*
- Көшет құны 11 мың дана-*385 00 тг.*
- Агротехника, суару, күтім шығындары-*145 000 тг.*
- Барлығы-*тг.*
- 1 гектардан  $600 \text{ тг/кг} = 6 \text{ млн.}$  теңге бағасымен 10 тонна ерте ең аз өнім алу кезінде пайда алу.



# Қауынның пісіп-жетілу кезеңдері



## Қарбыздың пісіп-жетілу кезеңдері



AGRO bilim.kz


Сабақтардың пайда болу және гүлдеу кезеңі, қатараралық өңдеу, минералды тыңайтқыштарды ендіру мезгілі;

Гүлдеу және өнімге отыру кезеңінде қатараралықтарды терең қопсыту;

Суару арықшаларын алу;

Суару;

Пәлектердің қосылуы, жаппай өнімге отыру кезеңі





**“Қарақай” қауын сорты**  
 Пісетін уақыты– 75-80 күн  
 өнімділігі – 250-270 ц/га  
 қанттылығы – 13-15%  
 Тасымалдауға төзімді



**“Южанка” қауын сорты**  
 Пісетін уақыты – 80-85 күн  
 өнімділігі – 310-325 ц/га  
 салмағы-3,5-4,0 кг  
 Тасымалдауға төзімді



**“Күздік” қарбыз сорты**  
 Пісетін уақыты–95-110 күн  
 өнімділігі– 430-450 ц/га  
 салмағы – 5,0-6,0 кг  
 Тасымалдауға төзімді



**“Валет” қауын сорты**  
 Пісетін уақыты– 80-90 күн  
 өнімділігі – 320-340 ц/га  
 қанттылығы – 14,5%  
 Тасымалдауға төзімді



**“Жиеншар” қауын сорты**  
 Пісетін уақыты– 80-85 күн  
 өнімділігі –330-350 ц/га  
 салмағы – 3,5-4,0 кг  
 Тасымалдауға төзімді



**“Достық-10” қарбыз сорты**  
 Пісетін уақыты– 75-85 күн  
 өнімділігі – 400-450 ц/га  
 қанттылығы – 12-13%  
 Тасымалдауға төзімді



*тамыржемістілер*

*жүгері*



*Көпжылдық  
шөптер*

*күріш*





*Күзгі дәнді  
дақылдар*

*жүгері*



*Көпжылдық  
және  
біржылдық  
шөптесін  
өсімдіктер*

*Көкөніс  
дақылдары*



2022 жылы Мақтаарал және Жетісай аудандарында **37 мың гектарға** егілді.

Жалпы жиналған өнім көлемі **224 мың тонна**.



**166 мың тонна қарбыз**



**58 мың тонна қауын**

**АУРУЛАРЫ**



**ЗИЯНКЕСТЕРІ**



- Қазақстан Республикасында 2023 жылы бақша дақылдарының егіс көлемі 96,0 мың гектарды құрады, оның ішінде 63,0 мың гектардан астамы, яғни, 65,6%-ы Түркістан облысында егілді. Экспортқа шығарылатын қауын-қарбыз өнімдерінің 60%-ға жуығы «Мақта және Бақша ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС-нің селекциялық сорттарына тиесілі.
- « Мақта және Бақша ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС шығарған жаңа қауын сорттарына: Қарақай, Жиеншар, Южанка-12, Валет сорттары.
- Қарбыз сорттарына : Достық-10, Күздік сорттары.
- Барлық сорттар патент алған.



# Тыңдағандарыңыз үшін рахмет!

*Қостақ. О.А.*

Тел. +7 747 269 88 38

Е-mail: [Amandykuly95@mail.ru](mailto:Amandykuly95@mail.ru);

[kazcotton1150@mail.ru](mailto:kazcotton1150@mail.ru).